

«2025 жылғы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауында Философия кафедрасының доценті, PhD доктор Исаев Мұхтар жеңіске жеткенін қуана хабарлаймыз. Бұл мәртебелі жеңіс – әріптесіміздің жоғары кәсіби біліктілігінің, ғылыми-зерттеу жұмысындағы табандылығының және педагогикалық қызметтегі жемісті еңбегінің айқын көрінісі деп санаймыз.

Мұхтар әріптесімізді зор жетістігімен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы ғылыми және оқытушылық жолында толағай табыстар, шығармашылық ізденіс пен биік белестер тілейміз.

